

ҚР Жоғарғы сотының төрағасы  
Жақып Қажыманұлы Асанов мырзаға

Қызылорда облыстық сотының төрағасы  
Қамбар Жұмабайұлы Нұрышев мырзаға

Қызылорда облыстық адвокаттар алқасы,  
Жаңақорған аудандық заң консультациясының  
Адвокаты Увайдаева Гулзира Турганбаевнадан

## А Л Ғ Ы С Х А Т.

Қызылорда облысы, Жаңақорған аудандық сотының төрағасы, судья Әлия Бердібекқызы Түбекбаеваның ауданымыздың сот саласына төрелік етіп келе жатқанына да біраз уақыт болды.

Осы уақыт аралығында Әлия Бердібекқызы әр бір қараған ісін әділдігімен, білімділігімен, өз ісіне деген ұқыптылығымен, жан – жақты және объективті қарап, әділ де, заңды және негізді шешімдерін шығарып келеді.

Оған дәлел ретінде, менің қорғауымдағы ҚР ҚК-нің 188-бабының 3-бөлігінің 3-тармағымен сотталушы Қ.А-ға қатысты 16.06.2021 жылы шығарған әділ де заңды әрі негізді Үкімін айта отырып, шын жүректен алғысымызды айтамыз!

### **Құрметті Жақып Қажыманұлы!**

Қазіргі таңда, қарапайым халықтың сот төрелігіне деген сенімі өшіп бара жатқан заманда, Әлия Бердібекқызының азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғап, адам тағдырын шешу барысында, өзінің Судьялық берген антына берік болып, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен құқықтық нормативтік актілерін басшылыққа алып қана қоймай, судьялардың тәуелсіздігін, объективтілігін, теңдігін, адалдығы мен сатылмайтындығын, құзыреттілігі мен ұқыптылығын және әдеп нормаларын сақтауы жөнінде сот жүйесіне деген қоғамның сенімділігін қалыптастыруға бірден - бір үлгі боларлықтай тұлға деп есептеймін.

Қорыта келе, Қызылорда облысы, Жаңақорған аудандық сотының төрағасы, судья Түбекбаева Әлия Бердібекқызына жүрек жарды алғысымызды айта отырып, болашақта деніне саулық, отбасына бақ-береке, еңбекте абырой тілеймін!!!

Ізгі ниетпен,  
Адвокат:



Г. Т. Увайдаева.